

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы
Құрлық әскерлерінің Әскери институты

«Әскери ғылым дамуының өзекті мәселелері» атты
Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ



Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ

САҒАДАТА НУРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ
ҚҰРЛЫҚ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ИНСТИТУТЫ



«ӘСКЕРИ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының
материалдар жинағы

«MILITARY SCIENCE DEVELOPMENT TOPICAL ISSUES»

International scientific and theoretical conference materials collection

сборник материалов

Международной научно-теоретической конференции

«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ВОЕННОЙ НАУКИ»

Алматы, 2022

УДК 355 / 359 (069)
ББК 68.4
А43

Редактор: полковник Ибатулин Б.Ш.
Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының бастығы

Редакция алқасы: философия ғылымдарының кандидаты
Нурмухаметова Қ.Ш.,
педагогика ғылымдарының магистрі
подполковник Рудик В.А.,
әскери ісі мен қауіпсіздік магистрі
подполковник Адылханов Х.С.,
педагогика ғылымдарының магистрі
майор Зарубин И.В.,
педагогика ғылымдарының магистрі
лейтенант Кольб Е.А.,
экономика ғылымдарының магистрі
сержант Мырзабекова М.М.

А 43 Әскери ғылым дамуының өзекті мәселелері: атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы = «**Military science development topical issues**» International scientific and theoretical conference materials collection = Сборник материалов Международной научно-теоретической конференции: «**Актуальные вопросы развития военной науки**». - Алматы: Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты, 2022ж. 307 бет. Қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978 – 601 – 211 – 372 – 3

Осы Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағында мемлекеттік интеграция контекстіндегі жаһандық сын-қатерлер мен ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлер, Қарулы Күштердің заманауи сын-қатерлері және оларды шешу жолдары, қазіргі таңдағы жоғары әскери білім дамуының перспективалары мәселелері бойынша ғылыми еңбектер жарияланған.

ӘЖ 355 / 359 (069)
ББК 68.4

Құрлық әскерлері Әскери институты Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы 14 сәуіріндегі №14 хаттамасы шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды.

ISBN 978 – 601 – 211 – 372 – 3

© Құрлық әскерлерінің
Әскери институты, 2022

А.М.БОЛТАЕВА Жоғары әскери оқу орнындағы курсанттарды кәсіби қызметке іріктеу мен қарулы күштер қатарындағы психологиялық қызмет	251
А.Д.МУКАНОВА, Г.Е.ТЛЕПБЕРГЕНОВА Кіші мектеп жасындағы оқушыларының мазасыздануының теориялық негіздері	256
ZH.M.KULMAGAMBETOVA Formation of military education and higher military education at the present stage	260
Т.Т.МАҚСОТОВА Жасөспірімдердің аддиктивті мінез-құлық ерекшеліктері және оның алдын-алу шаралары	264
А.Ж.МАЛКАЕВА Қазіргі таңдағы жоғары әскери білім: даму перспективалары	269
М.Ж.ҚОЖАМЖАРОВА, Ә.М.САЛАХАН Заманауи Қазақстандағы музыкалық мәдениеттің көрінісі	272
Г.А.КАСЫМБАЕВ Классификация перевода в современном мире	274
А.К.СУЛЕЙМЕНОВ Роль литературного наследия Габита Мусрепова для воспитания молодёжи	281
Қ.М.БОЛЫСОВА Жастар саясаты және олардың дүниетанымдық мақсаттары	285
Т.Н.КАПЕСОВА Значение перевода в настоящее время	291
А.И. КИРИЧЕНКО, А.С.ГОРОХОВ, М.Ю.ЗАХАРОВ Взгляд педагога на обновленное содержание образования	299
Р.Н. ТАДЖИЕВ Актуальные проблемы физической подготовки и мотивация молодежи занятию спортом	303
К.С.ЛОЖКИН Современные тенденции развития военного образования	308
РЕЗОЛЮЦИЯ	314

А.М.БОЛТАЕВА

психология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
boltaeva.alviya@mail.ru

ЖОҒАРЫ ӘСКЕРИ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ КУРСАНТТАРДЫ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУ МЕН ҚАРУЛЫ КҮШТЕР ҚАТАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ВОЕННОЙ НАУКИ

- 253 -

ӘСКЕРИ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада Қарулы Күштер қатарындағы психологиялық қызмет және курсанттарды кәсіби жарамдылық қасиеттеріне сай іріктеу, әскери қызметке дайындықтарды ұйымдастыру қарастырылады. Әскери — профессиология қазіргі әскери маман саясатын жүзеге асыру құралының теориялық негізі ретінде баяндалады.

***Кілт сөздер:** Әскери психолог, профессиограмма, психограмма, кәсіби жарамдылық, психологиялық іріктеу, әскердегі психологиялық қызмет, психодиагностикалық әдістемелер.*

Қазіргі кездегі Қарулы күштерде болып жатқан реформалық өзгерістер — оның барлық қызмет са қатысты мәселені қозғайды. Әскердегі өзгерістердің сәттілігі әскери құрылыстың жауапты бөлімдеріне, әскери корпусарға және теңіз флоттарына интеллекті жағынан дамыған мамандармен қамту мәселесін түгелдей шешіп беруге тәуелді.

Өкінішке орай, қазіргі кездегі қоғамдағы соңғы елеулі өзгерістерге байланысты офицер маманының, жалпы Отан қорғаушының беделі едәуір төмендеді. Бұл жерде қоғамдағы құқықтық бастаулардың бұзылуы, әскери қызмет туралы бұрмаланған түсініктер. Отан тағдыры үшін өзіне жүктелген жауапкершіліктен қашу басты себеп болып отыр.

Қарулы күштер қатарында психологиялық қызмет жауынгерлік және моралдық психологиялық дайындықтарды ұйымдастыруға және жүріс-тұрыстарының ауытқушылықтарын байқауға әскерлерге төтенше жағдайларда психологиялық көмек көрсетуге арналған. Полк психологы жауынгерлердің психологиялық дайындығына жауап береді. Ол полк қолбасшысының көмекшісіне тікелей бағынады [1].

Психологиялық таңдау келесі кезектер арқылы жүзеге асады. Алғашқы таңдау курсанттарды қарулы күштерді нақты қызметтер түріне талдау, жас жауынгерлерді оқу бөлімшелеріне таңдау. Оқу бөлімшелерінің бітірушілерін әскери ұжымдағы міндетке таңдау, жақсы жауынгерлерді бөлімшелердегі қызметке таңдау, курсанттарды шағын ұйымдарда әскери қызмет атқаруға таңдау. Бұл бағыттың әрқайсысының өз ерекшеліктерімен таңдау принципі бар. Ең бастысы жүйелі жекелік бағыт талдау әдістемелердің қолайлылығымен сенімділігінің ғылыми негізділігі.

Курсанттарды іріктеу кезінде оның саяси іскерлік қасиеттеріне, саналы сенімділігіне, өмірдегі көзқарасының белсенділігіне, адалдығына, еңбек сүйгіштігіне және адамдармен жұмыс істегісі келетін ықыласына көңіл аударуы қажет.

Іріктеу ғылымының принципіне қолбасшылар мен саяси жұмыскерлер жағынан психодиагностикалауды және психологиялық талдаудың тиімді әдістемелерін және алдыңғы қатардағы жауынгерлік тәжірибелердің үлгісін пайдалану керек. Курсанттың жеке адамдық қасиетін зерттеудің негізінде жеке адам құрылымының динамикалық қызметінің концепциясы жатыр. Ол төрт құрылымның өзара байланысынан тұрады. Биопсихикалық қасиеттер, жастық және тұқым қуалаушылық ерекшелігі инстинкт пен нышандар, темперамент пен жүйке жүйесінің түрлері жатады [2].

Психикалық процестерге түйсіну және қабылдау мен ес, елестету, зейін мен ойлау, сөйлеу, эмоциямен ерік әлеуметтік қасиеттерге: мінез қабілеттері,

жеке адамдық бағыттылықтар жатады. Жіктеу әдістемелердің оңай және сенімді болмысының негізгі кандидаттарын таңдауда уақытты үнемді пайдалану. Іріктеудің сенімділігі зерттеушілер саннан сапалық белгілерді ажырату. Бұл жағдайда сенімділік ретінде әдістемелер көмегімен алынған нәтижелердің тұрақтылығы түсініктеледі.

Бұл жердегі міндет жеке адамның психологиялық қасиеттерін толық зерттеудегі қамтамасыз ету, әскери оқуға жарамдылығы, жарамсыздығын тексеру. Іріктеудің тиімділігімен сенімділігін маманның зерттеуші сарапшы жұмысына ұйымдастырушылық және психологиялық әдістемелер дайындығы арқылы анықталады. Офицер курсанттар әрекетіне, әскери-техникалық жағдайына жақсы біледі. Сондықтан ол жауынгерлік күзетте тұрғанда, дайындық сағаттары кезінде және казармадағыларда жұмыстарына мұқият талдау жасай алады [3].

Курсанттарды психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық ұйымдастыру, басқарушының салаларын қалыптастыруды біледі. Осыған орай офицер нақты әрекет түріне қарап курсанттың психологиялық портретін қарастырады. Курсанттарды оқуға қабылдаудағы жарамдылығының қорытындылары психодиагностикалық салыстырылады.

Зерттелуші-курсанттарды шартты түрде үш топқа бөлуге болады.

жарамды, яғни таңдаудағы барлық белгілерге сәйкес келеді;

шартты түрде жарамды;

жарамсыз.

Алайда біраз уақыт өткеннен кейін жарамсыз топтағы курсант ең жақсы көрсеткішке ие болуы мүмкін екені ешкімге де құпия емес. Оған керісінше алғашында жақсы деген бағамен оқуға түскен курсант әскери тәртіп бұзушылыққа түсетіні. Осыған байланысты таңдау кезінде негізгі екі жағдайға көңіл аударылады. Бірінші курсанттардың нақты әрекеті қызметіне психологиялық талдау жасау және оларға тиісті белгілерді жасау, екінші жағдайға курсанттардың жарамдылық дәрежелерін бағалайтын психодиагностикалық әдістемелерді қолдану. Іріктеудің сапасын көтеру үшін психодиагностикалық және психологиялық мәселелерді шешетін ережелерді құру қажет [4].

Мамандыққа бейімділік және мамандыққа іріктеу құрылымдарындағы шаруалардың тиімділігі басқа да қатынастарды толығымен игеру. Оның міндетіне мынандай жұмыстар тіркеледі:

– жастар мен оқу бөлімшелерін бітірушілерді іріктеу және оларды орналастыру. Мамандыққа бейімдікті зерттеу мен оларды ұйымдастыру бойынша құжаттарды дайындау жұмыстары

– әскери бөлімшелер құрамынан тыс мамандыққа іріктеу тобын жинау, мамандық бойынша жұмыстар атқару

– мемлекет жастары және әскери қызметкерлер арасындағы әскери мамандыққа бейімделу шараларын ұйымдастырып жүргізу

– әскери қызметкерлерді тексеру оның ішінде арнайы психологиялық әдістемелерді қолданып әскери мамандыққа таңдау, оларды бөлімшелерге іріктеп орналастыруға қатысты

– әскери бөлімшелердегі штаттан тыс мамандыққа таңдау тобын бақылап және оларға әдістемелер жағынан көмек көрсету

ӘСКЕРИ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

– запасқа шығатын әскери қызметкерлерді жұмысқа орналастыруды және оларды қайта даярлауды жоспарлау, бұл туралы жоғарғы тұрған ұйымдарды хабардар ету. Әскери қызметкерлерді уақытынан бұрын мемлекеттік азаматтық мамандығына бейімдеу жұмыстарын жүргізу.

– мамандыққа бейімділік мәселесі және мамандық таңдау қорытындыларын талдау және оларды жетілдіруді қарастыру [4].

Әскери мамандандыру жұмыстарының ең негізгі бөлімі әскери профессиолог болып табылады. Әскери профессиографияның құрамына: әскери мамандық әрекетінің құрылымы мен мазмұнын зерттеу әскери кәсіптік мамандықтарды топтастыру және оларды бөліп сипаттау. Профессиограмма құрастыру, сол кәсіпке қойылатын талаптардың тізімін беру, яғни сол кәсіптің портретін құрастыру.

Әскери профессиология — жауынгер қызметі профессиограммасы яғни, соғыс мәселесін шешу мақсатында социограмманы әскери еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және адамның тұлғалық дамуына әсер ету мақсатында экономикалық профессиограмманы, әскери мамандықты игеруде ұтымды жолдарын табуды қамтамасыз ету әскери медициналық профессиограмма. Әскери қызметкерлердің денсаулығын сақтау, олардың денелік ерекшеліктерін есепке алу санитарлы-гигиеналық профессиограмманы санитарлық жағдайда есепке алу мақсатындағы жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында.

Профессиограмманың ең маңызды бөлігі психограмма болып саналады. Психограмма нақты кәсіптің психологиялық сипаттамасын беру. Әскери қызмет мамандарына деген талапты қалыптастыру, яғни психологиялық қабілеттердің тізімін, соның ішінде психикалық қарама-қайшылыққа ерекше көңіл аударылады. Психограмманың құрамына әскери кәсіпті ерекше әрекетіне қойылатын талаптар тізімі жасалады. Олардың негізгі басты-бастыларына тоқталсақ. Психикалық процесстер: ес, ойлау, қиял, қабылдау, зейін, сөйлеу т.б. Психикалық жағдайлар: шаршау, апатия, стресс, мазасыздық, т.б [5].

Әскери — профессиология қазіргі әскери маман саясатын жүзеге асыру құралының теориялық негізі болып саналады. Ол әскери мамандыққа үйрету мен тәрбиелеу түрінің деңгейін, құрылымын мәнін зерттейді. Оның өзекті мәселелері: әскери білімдер негізі жоғары әскери оқу орындарын қайта құру және дамыту әскери мамандарды, әскери мамандықты басқару мен ұйымдастыруға дайындау болжау жоспармен айналысу. Оның мақсаты әскери қызметін өтеу барысындағы офицерлер құрамын аттестациялау мамандыққа іріктеу тәжірибесін тиісті түрде жоғарлату сұрақтарына арналған [30].

Осыған байланысты әскери профессиологиялық жұмыс әскери бөлімшелерді іріктеп сайлауды қамтамасыз ететін мәселелердің тиімді жолдарын табу, жоғары оқу орындарының құрамын, әскери басқарма органдарының әскери қызметкерлер мамандарын дайындағанда ең ікемді құрал болып табылады. Әскери профессиологиялық жұмыстың мазмұны әскери әрекеттің мынандай өзгерістерімен жайларын қамтиды. Әскери мамандыққа бейімділік, әскери профессиография, әскери мамандыққа іріктеу, әскери ағарту және жоғарғы мектеп мәселелері, әскери мамандыққа даярлау. Офицерлерді қызметі бойынша жоғарлату, әскери қызметкерлерді мамандығымен атқаратын қызметіне сай орналастыру мәселелері.

Әскери профессиологиялық бағыттың негізгі жұмысы әскери мамандықты хабардар ету. Әскери мамандықты хабардар ету дегенде әлеуметтік экономикалық жүйені: психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық шараларды белгілі мемлекет жастарының әскери мамандықты таңдаған кезде саналы түрде дайындығын қарастыру бағытында әскери әрекет өрісінің, елдің қорғаныс қажеттіліктерімен жеке адамның қабілеттеріне лайықты етіп үйлестіруді түсіну керек. Мамандыққа бейімделуді қарастыру аймағының теориялық жұмыстары біздің елімізде 20-жылдардан басталған. Алайда қазіргі кезде бұл жұмыстардың қарқыны бірқатар себептерге байланысты қарулы күштердің қажеттілігіне және басқа дамыған мемлекеттердің әскеріндегі мамандыққа бейімделу жұмыстарымен сәйкес келмейтіндігін айту қажет. Соңғы жылдар біздің офицерлік корпус еліміздің жеке мамандарымен толысып келеді деп айта алмаймыз. Себебі көптеген талантты адамдардың материалдық жетістікке жетуге тырысуы әскери қызметте кездесетін қиындықтардан қашу көп орын алады [5, 85-92бб].

Әскери кәсіпке іріктеу — бұл күрделі көп жүйелі әлеуметтік мәселе. Бұны бір ғана немесе бірнеше әдістемелер көмегімен шешу мүмкін емес. Бұл үшін әскери мамандар жағынан жан-жақты құрамындағы зерттеулер қажет. Кәсіпке іріктеу міндеті әскери кәсіптік жұмыстардың жан-жақты түйіндері бірлескен уақытта жүзеге асады. Оның негізінде: әскери кәсіптік құндылығымен әлеуметтік беделдігі мәселесін талдау. Әскери кәсіпкер мен мамандықтар психологиялық жағынан құрылымын анықтау. Психограмма құрастыру белгілі кәсіп бойынша жеке адамға қойылатын талаптарды толығымен сипаттау. Жастардың әскери кәсіпке бейімделуінде басқару әдістерін қарастыру жатады.

Қазіргі кездегі көптеген Қарулы күштердің жұмысында және олардың іс-әрекетіндегі әлеуметтік психологиялық қызметтің қажет екеніне куә боламыз. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қарулы күштер бағдарламаларының пайымдауына әскери дайындық мақсаты мен әлеуметтік психологиялық қызмет көрсетуге кеткен шығындар ең дұрыс тәсіл деп табылу қажет. Біздің Қарулы күштер қатарында әлеуметтік психологиялық қызмет көрсету қажеттілігі әлдеқашан қалыптасқан. Бұл мәселенің тәжірибелік мәселелерді шешуде үлкен бірқатар әрекеттер жасалынған. Алайда нақты қажеттілікті жүзеге асыру тек соңғы уақытта мүмкін болып отыр.

Қазақстандағы Қарулы Күштердің қатарында әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсету орталықтары құрылуда. Әскери құрама салалары және теңіз флоты қызметінде әскери психологтар жұмыс жасауда. Нақты мамандыққа офицерлік кадрлерді қайта даярлау, іріктеу жұмыстары жүргізілуде. Қарулы күштер қатарында психологиялық қызмет көрсету мәселесін шешу үшін психологтардан және басқа да мамандық иелерінен әскерлердің жеке мүшелерімен жұмыс жасағанда арнайы білімді дағдыларды және жауынгерлік жағдайда адамдардың жүріс-тұрысын басқару аймағында іскерлікті қажет етеді. Сондай-ақ Қарулы Күштер қатарындағы психологиялық қызметтің барысында әскери психолог жасаған зерттеу мәліметтерінің психотерапиялық тиімділігін алдын-ала біліп отыру және оларды күнделікті тәжірибеде қолдану басты назарда болуы тиіс.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ӘСКЕРИ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. Минжанов Н.А. Проблемы профессионально психологической подготовки служащего. – Караганда: МВД, 1995. – 150 с.
2. Гуревич К.М. Профессиональная пригодность и основные свойства нервной системы. - М.: Наука, 2000. – 365 с.
3. Бодрова В. Психологический отбор инспекторов военизированной пожарной охраны для работы на АЭС. – Москва: ВНИИПО, 1992. – 270 с.
4. Психология и педагогика профессиональной деятельности офицера. Учебное пособие. - М.: ВУ, 1998. – 281 с.
5. Маклаков А.Г. Профессиональный психологический отбор персонала. Теория и практика: Учебник для ВУЗов. – СПб: Питер, 2008. - 480 с.

The article considers the psychological service in the Armed Forces and the selection of cadets in accordance with the qualities of professional competence, the organization of training for military service. Military professionalism is presented as a theoretical basis for the implementation of modern military policy.

Keywords: *Military psychologist, professional profile, psychogram, professional suitability, psychological selection, psychological service in the army, psychodiagnostic methods.*

А.Д.МУКАНОВА

педагогика ғылымдарының магистрі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы
lhaneck@mail.ru

Г.Е.Т.ЛЕПБЕРГЕНОВА

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы

**КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
МАЗАСЫЗДАНУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Бұл мақала кіші мектеп жасындағы оқушылардың мектептегі алаңдаушылық мәселесін зерттеуге, оның пайда болу себептері мен факторларын анықтауға арналған. Мақалада «мазасыздық» түсінігін анықтаудың әртүрлі тәсілдері қарастырылады.

Кілт сөздер: *мазасыздану, мектептегі алаңдаушылық, мектептегі алаңдаушылықты түзету.*

Қазіргі заманғы бастауыш мектептің мәселелерінің бірі - кіші мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық денсаулығы. Қазіргі уақытта үрей мен қорқыныш, эмоционалдық және ерікті сферасының әртүрлі бұзылыстары бар балалар саны өсті. Кіші мектеп жасындағы оқушылар арасында мектептегі алаңдаушылық пен қорқыныштың себептері мен алдын алуды зерттеу болашақта оларды күтіп тұрған проблемаларды айтарлықтай азайтады.

Бұл мәселелер отбасылық жағдайларда, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерде, саяси тұрақсыздықта, қолайсыз микроәлеуметтік және тұрмыстық жағдайларда жасырын болуы мүмкін. Мектепте оқу кезіндегі мазасыздық мәселесі жетекші отандық және шетелдік психологтардың әртүрлі еңбектерінде қарастырылды: Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьева Л.С. Славина,